



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

- Краток, нет промежуточного протокола сообщений (SOAP);
- По дизайну и философии ближе к WWW.

Минусы:

- Предполагает взаимодействие только клиент-сервер, не применим для разработки распределенных систем;
- Не стандартизированы механизмы безопасности, гарантированной доставки сообщений и т.п. – больше приходится реализовать самостоятельно разработчикам прикладной системы;
- Жестко привязан к модели протокола HTTP.

Можно сделать выводы, что если вы делаете ставку на простоту реализации и скорость работы и готовы пожертвовать стандартизированными механизмами безопасности, и при этом ваш сервис будет работать лишь с протоколом HTTP, стоит смело выбирать REST. Если же вы работаете с распределенными системами и не хотите разрабатывать свои стандарты для работы с Web-сервисом, тогда ваш выбор SOAP.

Список использованных источников

1. Машнин Т. С. Web-сервисы Java. — СПб.: БХВ-Петербург, 2012. — 560 с.
2. The Java EE 6 Tutorial. Режим доступа — <http://docs.oracle.com/javaee/6/tutorial/doc/index.html>
3. REST vs SOAP. Часть 1. Почувствуйте разницу. Режим доступа — <http://habrahabr.ru/post/131343/>
4. Хабибулин И. Разработка Web-служб средствами Java. — СПб.: БХВ-Петербург, 2003. — 400 с.
5. REST vs SOAP. Режим доступа — <http://habrahabr.ru/post/158605/>

УДК 621.3:004 (038)

ҚАЗАҚ ТІЛІ МӘТІНДІК КОРПУСЫНДАҒЫ ӘРІПТЕРДІҢ КЕЗДЕСУ ЖИІЛІГІ

Манап Қайырхан

it_system2030@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Адамов А.А.

Корпус дегеніміз – әр тілдегі электронды пішінге келтірілген, яғни бір басқару орталығынан автоматты түрде жұмыс істейтін мәтіндер жинағы. Соңғы жылдары «Корпустық лингвистика» ғылымның бір саласы ретінде айқын басымдық алып отыр. Өйткені осы саланың зерттеу нәтижесі – мәтіндік корпустарды пайдаланбай тілдік зерттеулерде тәжірибе жүргізудің, әсіресе сөздік құрастырудың, неше түрлі грамматикалар дайындаудың мүмкін еместігі айқындалып отыр. Қазіргі кезде корпустық лингвистиканың мәселелері кейбір оқу құралдарының да арнайы тақырыбына айналууда.

Корпустық лингвистиканың жетістіктерін өзіне сақтаған аса дамыған корпус түрі – Ұлттық корпус. Мұндай корпус белгілі дәрежеде Ұлттық тілді толық түрде бейнелейді. Ұлттық корпустың репрезентативтілігі (тұлғалылығы) – сол тілдің жазба және сөйлеу түріндегі мәтіндерінің барлық типтерінің бейнеленуі. Ұлттық корпустың айтарлықтай дәрежеде көлемді (ондаған, жүздеген миллион сөзқолданыс) болуы репрезентативтілікке жетудің қажетті шарты болып саналады. Ұлттық корпустың ажыратылмас бөлігі оның белгіленген (аннотацияланған, мазмұндалған) бейнесі.

Корпустар құрастыруда оның түріне қарай (ұлттық, стильдік, кезеңдік) мәтіндер таңдалып алынады. Оларды таңдама мәтіндер деп атайды. Корпусқа енгізілетін мәтіндер көбінесе ақын-жазушылар шығармаларынан алынады. Корпустар құрастыру тәжірибесінде

әсіресе, проза жанры басым. Сондықтан стильдік жағынан алғанда корпусстарды «проза жанрына орталықтандырылған» (литература центричный) деуге болады.

Мәтіндер корпусы туралы жазылған ғылыми еңбектерде фонетикалық, морфологиялық, семантикалық, синтаксистік белгіленімдердің енгізілетіндігі туралы айтылады. Бірақ корпус жасау барысында аталған белгіленімдердің барлығын бір уақытта енгізу қиындық тудырады. Осы орайда шетел, орыс тіл біліміндегі мәтіндер корпусында лингвистикалық белгіленімдер енгізу ісі кезең-кезеңмен жүзеге асырылған. Толық лингвистикалық ақпарат берілген корпусстарды «терең аннотацияланған» (глубоко аннотированный) деп атайды.

Екіншіден, корпус мазмұнының күрделілігі терең аннотацияланумен қатар әртүрлі стильді қамтуына да байланысты. Әдетте, корпус құрастыруда, сондай-ақ жиілік сөздіктер жасауда да көбінесе төрт түрлі стиль қамтылады. Олар: көркем әдебиет(проза, поэзия), ғылыми, газет-журнал (публицистикалық), ресми-іскерлік стильдер. Бұлардан басқа ауызекі стильден де корпус мәтіндері жинақталады.

Үшіншіден, корпусстардың сапасы ондағы қамтылған сөзқолданыс мөлшерімен де өлшенеді. Жалпы тіл білімінде алғашқы корпусстардың кемінде 1 млн. сөзқолданыстан бастап жасалғандығы айтылады. Қазіргі кездері сол алғаш 1 млн. сөзқолданыстан жасалған мәтіндер корпусының көлемі 20 миллионнан 100 млн.-ға дейін жетеді екен. Демек, корпусстың құрастырылуы туралы мәселе сөз болғанда, ең алдымен оның көлемі туралы нақты деректер беріледі.

Корпусстарға қойылатыны талаптардың негізгісі – репрезентативтілік (тұлғалылық), яғни оны сол корпусстың пәндік аяның барлық қасиетін бейнелей алу мүмкіндігі немесе сол лингвистикалық зерттеу типіне қатысты пәндік аядағы құбылыстың кездесу жиілігінің тілдік бірліктерді бір-бірінен ажырата алатындай мәнде болу қажеттігі деуге болады .

Тұтас мәтін құрылымына төмендегідей бірнеше жақтан сипаттама беріп кетуге болады:

1. Мәтін бірқаншалаған сөйлемнің тіркесінен тұрады, сөйлем бірқаншалаған сөздің, ал сөз бірқаншалаған әріптердің тіркесінен құрылады;
2. Сөз тек әріптен басталады (тек “ң” әріпінен басқа);
3. Екі сөздің арасында кетік (пробил) болады;
4. Сөйлем аяқталған болады, егер сөздің соңғы нүкте “.”, леп белгі “!”, нүктелі үтір “;” қос нүкте “:” және көп нүктелермен “...” аяқталса.

Бұл жұмыста осындай және басқада көптеген мәселелерді ескере отырып, қазақ тілінің кирилл графикасы негізіндегі әліпбиінде жазылған шығармаларды арнайы мәтіндік корпусқа жинақтап, сараптама жүргізілді. Сараптама нәтижесінде статистикалық талдау жасалды.

Жасалынған жұмыстың бірі ретінде құрамында қолданыстағы әліпбидің **он мыңға жуық** (10 000), **бесжүз мыңға жуық** (500 000) және **бір миллионға жуық** (1 000 000) әріптері бар қазақ тілінің мәтіндік корпусын құрып, ондағы қазақтың төл әріптері мен орыс тілінен енген (кірме) әріптердің кездесу жиіліктері компьютерлік программалар арқылы зерттелді (1-3 Қосымша. Қазақ мәтіндік корпусындағы әріптердің кездесу жиілігі).

Осы зерттеулер негізінде төмендегідей статистикалық талдау нәтижелері алынды.

1- Қосымша. **Бес жүз мыңға жуық** әріптері бар қазақ тілі мәтіндік корпусын құрайтын қазақтың төл әріптері мен орыс тілінен енген әріптердің кездесу жиіліктері

Қазақтың төл әріптері:		
Әріп	Жиілігі	Проценті
ә	17669	0,72%
і	133585	5,46%
ң	39685	1,62%
ғ	39288	1,60%
ү	19655	0,80%
ұ	22327	0,91%
қ	80714	3,30%
ө	22608	0,92%
һ	0	0,00%
Орыс тілінен енген әріптер:		
Әріп	Жиілігі	Проценті
ё	0	0,00%
ц	0	0,00%
ч	0	0,00%
щ	0	0,00%
ф	3117	0,13%
х	6677	0,27%
э	0	0,00%
ю	1962	0,08%
я	11948	0,49%
барлығы	2448182	100%

Осы негізде бірнеше рет жасалған тәжірибеден біз мынадай нәтижелер алдық:


2- Қосымша. *Жинақталған корпусардағы қазақтың төл әріптері мен орыс тілінен енген (кірме) әріптерінің үлестік көрсеткіші*

Қазақтың төл әріптері (%)						
әріптер	10 000 ға жуық		500 000 ға жуық		1 000 000 ға жуық	
ә	502	0.81%	17669	0.72%	198255	0.85%
і	3634	5.85%	133585	5.46%	942015	7.26%
ң	1029	1.66%	39685	1.62%	290541	0.82%
ғ	936	1.51%	39288	1.60%	321720	1.21%
ү	526	0.85%	19655	0.80%	187308	0.69%
ұ	577	0.93%	22327	0.91%	173506	1.24%
қ	1964	3.16%	80714	3.30%	785960	2.58%
ө	755	1.21%	22608	0.92%	140293	0.81%
һ	0	0	0	0	7	0
Орыс тілінен енген (кірме) әріптер						
әріптер	10 000 ға жуық		500 000 ға жуық		1 000 000 ға жуық	
ё	0	0	0	0	6	0
ц	0	0	0	0	98	0
щ	0	0	0	0	14	0
ф	243	0.39%	3117	0.13%	117206	0.35%
х	73	0.12%	6677	0.27%	56243	0.52%
э	0	0	0	0	23	0
ю	31	0.05%	1962	0.08%	35622	0.28
я	263	0.42%	11948	0.49%	146255	0.46%
ч	0	0	0	0	35	0%

Осы жұмысты дәлелдірек етіп көрсету үшін, қазақ тілі мәтінін құрайтын кез келген қазақ әліпбиін өзіміз енгізу арқылы, оның сәйкесінше бүтін мәтіннен алатын үлесін көре аламыз. (3-Қосымша. Қазақ тілі мәтіндік корпусындағы әріптердің кездесу жиілігін көрсететін программаның интерфейсі).

Бағдарламаның көмегімен ашу деген батырманы басып, онда компьютердің жадысында немесе қандайда бір сақтау құрылғысында сақталған қазақ тілінде жазылған файлды шақырамыз, содан кейін төмендегі бос аймаққа кез келген қазақ әліпбиін енгізіп, жиілігін табу батырмасын басу арқылы нақты нәтижені көруге болады.

3-Қосымша. Қазақ тілі мәтіндік корпусындағы әріптердің кездесу жиілігін көрсететін программаның интерфейсі



Қортып айтқанда, осы зерттеулер нәтижелері ұсынылатын әліпбиде қазақ тілінің қай дыбысын қандай әріппен және қай дыбысты қандай әріпке қай таңбаны тіркеу арқылы тиімді (*сөздің жазуын ұзартпайтындай*) етіп таңбалауді анықтауға қажет болды. Сондай-ақ, олар қазақ тілінің жазуын жаңа әліпбиге көшірмес бұрын қолданыстағы әліпбиден алып тасталынатын *ё, и, ц, ч, ш, ь, ь, э, ю, я* әріптерінсіз қазақ тілінің жаңа орфографиялық сөздігін жасауға, синтаксистік талдау жасауға, синтездеуге, сараптама жасауға көмегін тигізеді.

Қолданылған әдебиет

1. Захаров В.П. Корпусная лингвистика: Учебн.-метод. пособие. –СПб., 2005. –48 с.
2. «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі// Информатика және компьютерлік техника– Алматы, 2002. – 456 бет. [ISBN 5-7667-8284-5](#)
3. Шарипбаев А.А., Бекманова Г.И. Алгоритмы распознавания казахского слова как целого//Вестник ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, 2010, № 2, с.45-52.
4. Баранов А.Н.Корпусная лингвистика // Баранов А.Н. Введение в прикладную лингвистику: Учебное пособие. –М.: Едиториал УРСС, 2003. С. 112-137.
5. Шәріпбай А. Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жобасы. – Астана, 2013.

УДК 004.9

ПРОЕКТИРОВАНИЕ МОДЕЛИ И РЕАЛИЗАЦИЯ ВИРТУАЛЬНО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ ВУЗА

Мукашев Бахтияр Серикович

linker_nik_b@mail.ru

Магистрант 2 курса факультета информационных технологий, специальность
«Информатика», ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

Научный руководитель – декан ФИТ, д.п.н., профессор Нурбекова Жанат Кунапияновна

Одной из важнейших задач вуза в условиях доступности больших объёмов информации выступает обеспечение достойного качества его виртуальной информационной среды (понимаемой в широком смысле слова, а не только как конкретную обучающую программу), гармонично интегрируя ее с образовательной средой вуза. Подобная интеграция усилит культурный и научно-образовательный потенциал вуза и повысит эффективность коммуникации всех субъектов образовательного процесса, внутривузовского менеджмента.